

The weak point is the adoption of international instruments (documents) on migration.

Regional cooperation in migration regulation is characterized by slow and inefficient development.

Another important issue is somewhat selfish behavior of the ruling elites and the reluctance realization of ideas of integration and the promotion of cooperation in general and in the field of migration.

The monitoring and collecting information on the integration of migrants is very poorly developed.

In the medium term migration processes in Central Asia will expand their scale but at the same time they will increasingly change demographic, ethnic and political landscapes of the region and only joint and fruitful cooperation between regional states can settle the problems associated with migration in Central Asia.

1. Макроэкономический анализ и прогноз рынка труда в Казахстане на основе данных социально-экономического развития: Валового Внутреннего Продукта, Миграции и Занятости <http://www.kazid.kz/articles/Labour.pdf>.

2. Демографический путь Узбекистана // <http://www.demoscope.ru/weekly/2006/0235/tema01.php>; Центр социально-экономических исследований Узбекистана: Миграционный отток не оказывает на нас влияния, 11 мая 2006 г. // <http://www.regnum.ru>

3. Центр социально-экономических исследований Узбекистана: Миграционный отток не оказывает на нас влияния, 11 мая 2006 г. // <http://www.regnum.ru>

4. Численность населения в Туркмении выросла с начала года на 90 тыс. человек, 14 мая 2004 г. // <http://www.watan.ru/rus>

5. Международная конвенция о защите прав всех трудящихся-мигрантов и членов их семей http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/migrant.shtml

6. Convention № 143 // <http://www.ilo.org/ilolex>

7. Чудиновских О. Статистика трудовой миграции в странах ЦАР и России: современное состояние и перспективы обмена данными МГУ им. М.В.Ломоносова // <http://migrocenter.ru>

* * *

Миграционные процессы в Центральной Азии являются одной из ключевых характеристик трансформации государств региона и важным звеном, прочно связывающим эти государства. В статье отражены основные проблемы в области регулирования миграционных процессов в регионе.

* * *

Орталық Азиядағы миграциялық үрдістер аймақтағы мемлекеттердің трансформациялануындағы негізгі сипатының бірі болып табылады және бұл мемлекеттерді тығыз байланыстырушы маңызды сала болып отыр. Мақалада аймақтағы миграциялық үрдістерді реттеудің төңірегіндегі негізгі мәселелер қарастырылған.

А. Байтокова

АСЕАН-НЫҢ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ

Мемлекеттер арасындағы әріптестік бұрыннан келе жатқан дәстүр. Бірақ, XX ғасырдың орта шенінен бастап қана мемлекеттер тұрақты әріптестікке көшті. Әріптестікті күшейтуге, оның салаларын кеңейтуге және интеграциялық процесстерді дамытуға деген қажеттілік мемлекетаралық институттардың пайда болуына әсер етті. Сондықтан да интеграцияны іске асыру үшін жай ғана әріптестік жеткіліксіз. Ол үшін мемлекетаралық қарым-қатынасты реттейтін механизмдерді құру керек. Бұл тұрғыда интеграция ең алдымен, үкіметаралық ұйымдардың қалыптасуымен тікелей байланысты.

Қазіргі халықаралық қатынас жүйесіндегі маңызды интеграциялық құрылымдардың бірі Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері Ассоциациясы (АСЕАН), Азиаттық – Тынықмұхиттық аймақта ғана емес, бүкіл дүниежүзінде көпсалалы ынтымақтастықпен қарқынды дамып келе жатқан кеңес беру, сенім, төзімділік, ұйымға мүше барлық мемлекеттердің мүддесін тең ескеру

сынды негізгі ұстанымы, оларды аймақтық ішкі мәселелерді шешудің оңтайлы жолына түсіріп, маңызды жетістіктерге жеткізді. АСЕАН Азиаттық – Тынықмұхиттық аймағында саяси және экономикалық өзара әрекет етуде көтерген «Көпжақтылық бірлік» ұранын нақтылы жүзеге асырған әлемдік экономикада өзіндік орын мен ықпалға ие аймақтық ынтымақтастық ұйым болып отыр.

Сондықтан аймақтық интеграцияда АСЕАН дамуының тәжірибесін терең жүйелі түрде зерттеудің Қазақстан үшін теориялық және тәжірибелік маңызы зор. Бірақ бұл саладағы зерттеулер Отандық қоғамдық ғылымдар саласында көп емес. Халықаралық қатынастар саласында Шығыс Азиядағы халықаралық қатынастар дамуының эволюциясын зерттеген М. Ауғанның көзқарасы бойынша, АСЕАН секілді Аймақтық форум іспетті интеграциялық құрылымның рөлі аймақта тарапты мәселелер желісімен күннен-күнге аса маңызды бола түсуде [1].

1958 жылдың ақпанында Коломбода Цейлонның тәуелсіздігіне он жыл толғанына сай өткізілген салтанатты жиында алғаш рет Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің тұйық аймақтық ұйым құру мүмкіндігі бар деген идеяны Малайзияның премьер-министрі А.Рахман өзінің мәлімдемесінде жариялаған еді. Ассоциация ең алғаш рет Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің дамушы мемлекеттерінің бір-бірімен әлеуметтік-экономикалық мақсатты жүзеге асыру үшін ынтымақтасудың өте қажет екендігін байқатады. Ассоциация құрушылар әлеуметтік-экономикалық ынтымақтастықтың саяси және мәдени саладағы ынтымақтастықтың негізін қалайды деген тұжырымға тоқталады. 1963 жылы Малайзия, Филиппин, Индонезия бірігіп аймақтағы мемлекеттердің қатынастарын реттеу мақсатында кезекті ұйым ұйымдастырады.

Міне, осылардың бәрі түбінде тұрақты әрі ірі экономикалық, саяси-әлеуметтік және т.б. мәселелерді кешенді түрде шешуге мүмкіндігі бар аймақтық ұйым АСЕАН құруға әкеп тіреді [2, 14-б].

АСЕАН-ды 1967 ж. 5-8 тамызында Индонезия, Малайзия, Сингапур, Тайланд, Филиппин Сыртқы істер Министрлігі Бангкоктегі кездесуінде аталған бес мемлекет құрды.

Оңтүстік-Шығыс Азия география тұрғысынан 10 мемлекеттен құралған, – қазіргі кезде АСЕАН-ға 1999 жылға дейін сол аймақтағы бес мемлекет кірді, олар Тайланд, Бирма, Вьетнам, Лаос және Камбоджа, сонымен қатар аралдық – Индонезия, Малайзия, Филиппин, Бруней, Сингапур. Оңтүстік-Шығыс Азия – бұл Тынық мұхиттан Үнді мұхитына өтетін, Тынық мұхиттың «жүрегі» немесе орталығы. Сондықтан да осы себептен еуропалықтар үшін Тынық мұхиттың орталығында бақылау орнату отарлау саясаты кезеңінде маңызды болған еді. АСЕАН кеңеюі – құрамына жаңа мүшелердің, бастапқыда социалистік жүйеде болған елдерді ассоциация құрамына қабылдау үрдісі. Кеңею мақсаты – ОША-ны біртұтас біріктіру. Жаңа елдер аймақтағы басқа елдерде бітіп жатқан табиғи шикізат көздері, яғни орман, көмірсу және су ресурстары, сонымен қатар арзан жұмыс күшінің қайнар көзі болып табылады. Кеңею АСЕАН ескі мүшелері алдына бірнеше ауыр мәселелерді қойды, соның ішіндегі ең маңыздысы – ескі және жаңа мүшелері арасындағы экономикалық және саяси дамуындағы әртүрлілік. 1995 жылы 15 қараша АСЕАН Бангкоктегі 5-саммиті кезінде 7 басшы біртұтас ОША құру және 2000 жылы ОША 10 елін біріктіретін топ туралы шешті. Камбоджа,

Лаос және Мьянма шақырылды. Келесі күні 10 мемлекет Оңтүстік-Шығыс Азиядағы ядролық қарудан еркін аймақ құру туралы құжатқа қол қойды. Олар Бангкок декларациясының атынан және ОША Достық және ынтымақтастық келісім-шартын жақтаушылары деп жарияланды. Бұл мүшеліктің екі критерийлері еді.

Бангкоктегі Саммит жаңа мүшелер үшін нақты мерзімді және шартты белгілеген жоқ. Бақылаушы мәртебесін Лаос 1992 жылы, Камбоджа 1994 жылы, Мьянма 1996 жылы алады.

1996 жылы қараша айында Джакартада өткен бейресми саммитте бір мезетте Камбоджа, Лаос, Мьянманы мүшелікке қабылдау шешілді.

Көптеген дайындық уақытынан кейін Индонезия, Малайзия, Сингапур, Тайланд және Филиппин мемлекеттерінің Сыртқы істер министрлерінің 5-8 тамызда Бангкокте кездесуі өтеді (1967 жыл). Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің Ассоциациясын «қырғи-қабақ», Вьетнам және Индонезиядағы соғыстар сияқты саяси дағдарыстар уақытында құрылған одақ деп айтуға болады. Құрылтайшы мемлекеттер ресми түрде Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ассоциациясы құрылуын жариялады. Қорытынды құжат Бангкок декларациясы преамбуладан және бес баптан тұрды. Преамбулада Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің ұйым құрудағы мүдделері мен тілектері, ортақ үміттері орын алды [3].

АСЕАН құрылуында ұлттық аймақтық, халықаралық қатынастардағы мүдделер сияқты факторлар негіз болады. Оңтүстік-Шығыс Азия аймағындағы экономикалық артта қалушылық, жалпы өндірістік потенциалын көтеру, халықаралық капиталистік шаруашылық жүйесіндегі экономикалық тұрақтыққа жету үшін нақты экономикалық кооперация мен интеграция ассоциацияға бірігуінің объективті сұраныстары АСЕАН-ның негізгі заңы болып табылады. Бангкок декларациясында айтылғандай ассоциацияның негізгі мақсаттары мыналар: экономикалық өсімді арттыру; әлеуметтік прогресс пен мәдени даму, Біріккен Ұлттар Ұйымы жарғысының принциптеріне сүйене отырып халықаралық қатынастарда әділеттілік және аймақтағы ынтымақтастық пен тұрақтылықты дамыту, әлеуметтік мәдени, ғылыми, техникалық, әкімшілік және экономикалық (ауылшаруашылық өндіріс, сауда, көлік) секторларда өзара көмек пен серіктестік; халқының салауатты өмір сүруіне жағдай жасау [4, 10-б]. АСЕАН құрылып болғаннан кейін бәрі ойдағыдай болып кетті деп айтуға да болмайды. Олардың да өзара шиеленістері болды, кейбір мамандар сондай кері

әсер АСЕАН-ның өмір сүруін тоқтатады деп ойлайды. Алайда, оны да шешуге тырысты.

Оңтүстік-Шығыс Азия – ежелгі адамзат өркениеті ошақтарының бірі, аймақ мемлекеттерінің тарихи дамуы олардың мемлекеттілігі үшін күресімен, көпғасырлық отарлық мәртебесімен, стратегиялық маңыздылығына байланысты «үлкен ойын» аймағына айналуымен сипатталады.

АСЕАН негізін салушы мемлекеттер Бангкок конференциясында «АСЕАН әскери одақ немесе қауіпсіздік туралы келісім болып табылмайды. Мұнда қандай да бір мемлекетке сыртқы қауіп немесе әскери шабуыл жасаған жағдайда көмек көрсету деген міндеттеме жоқ» деп ұйым құрылуы тек экономикалық ынтымақтастық мақсаттарына байланысты деп ресми жариялағанмен, 1967 жылдың өзінде-ақ Ассоциация құрылтайшыларының саяси ынтымақтастықты оның «саяси емес» сипатта дамытуға мүдделігі байқалды [4, 22-б]. Бұл мүдде АСЕАН-ның Сыртқы істер министрлерінің келесі кездесулерінде дәлелденді, онда олар саяси мәселелерді «АСЕАН шеңберінен тыс талқылау» деп қарастыра берді.

АСЕАН-ның саяси ынтымақтастығының негіздерінің бірі Оңтүстік-Шығыс Азия бейтараптану концепциясы болып табылады. Алғаш рет Оңтүстік-Шығыс Азияны бейбіт зонаға айналдыру идеясы 1968 жылы қаңтарда Малайзия парламент мүшесі Тун Исмаилдың парламентте сөйлеген сөзінде айтылған болатын, ол өз сөзінде елден ағылшын қарулы күштерінің толық шығарылғанынан кейін, Оңтүстік-Шығыс Азия ұлы державалар кепілдендіретін бейтараптандыру зонасына кіруі, шабуыл жасамау туралы келісімшарт және бейбіт қатар өмір сүру саясатын ұстанатыны жөніндегі декларацияға қол қоюы қажет деп жариялады [4, 64-б]. АСЕАН барлық мүше-мемлекеттері Оңтүстік-Шығыс Азиядағы бейтараптану үрдістерін қолдап, іске асыруына мүдделілігін білдірді.

1971 жылы 28 қарашада АСЕАН елдерінің бес Сыртқы істер министрі Куала-Лумпурде аймақта «ұлы державалардың мүлдем араласпау түрінен еркін бейбітшілік, еркіндік және бейтарап аймақ» құру туралы декларацияға қол қойды. Декларацияда келесі мәселелер көрініс тапты:

- Оңтүстік-Шығыс Азияны ұлы державалардың мүлдем араласпауынан еркін бейбітшілік және бейтарап аймақ ретінде мойындау және құрметтеу үшін қажетті шаралар жасау;

- Оңтүстік-Шығыс Азия елдерін олардың күш-қуаты, ауыз біршілігі және тығыз өзара

қарым-қатынастарын нығайту мақсатында ынтымақтастықты кеңейтуде келісілген қадамдар жасауға шақыру [5].

Бейбітшілік және бейтарап аймақ идеясының ұсынылуы АСЕАН елдері алдында ішкі аймақтық, сондай-ақ халықаралық тәртіп проблемалары бойынша бірнеше сұрақтарды тудырды. Біріншіден, күн тәртібінде ұйымның ішкі қақтығыстары мен қақтығыстарын реттеу мәселесі қойылды. Екіншіден, АСЕАН мүше-мемлекеттерінің халықаралық саяси ұстанымдары, олардың аймақтағы шетел әскери базаларының болуына қатынасы, ҚХР саясатына, аймақтың басқа мемлекеттермен, ең алдымен, Үндіқытай елдерімен қарым-қатынастары аса маңызға ие болды.

АСЕАН мүше-мемлекеттері бейтараптану идеясын ұсына отырып, оның іске асырылуы бірнеше мақсаттарға, соның ішінде Қытайдың Оңтүстік-Шығыс Азия экспансиясын тоқтатуға қол жеткізуді көздеді.

Бірнеше факторлардың жиынтығы арқасында 1990 жылдардың алғашқы жартысына таман АСЕАН елдері өздерінің экономикалық өсімінің жоғары қарқынын көрсетті:

- 1) қолайлы географиялық жағдай (климат, сыртқы теңіз коммуникациясының ашықтығы, бай табиғи ресурстарының болуы);

- 2) саяси фактор, яғни аймақ мемлекеттерінің арасындағы ашық шиеленістердің болмауы;

- 3) шетелдік капиталды шақырудағы ОША мемлекеттері басшыларының экономикалық саясаты;

- 4) демографиялық-шетелдік инвесторлар үшін қолайлы «еңбек заңмасынын» арқасында арзан жұмыс күшінің болуы.

Сөзсіз, шетелдік инвестициялардың ОША-ның геосаяси потенциалымен қоса осы аймақтың экономикалық өсіміне алып келді. Жалпы әлемдік экономикаға инвестициялардың әрқелкі салынуы тән, оның дәйегі ретінде әр аймақта барынша қолайлы жағдайлардың болуы. Сол себептен АТА инвестиция салуда көзге түседі. АТА елдеріне американдық инвестициялардың қайтарылуы Еуропаның 12,1%-ның 9,4%-мен салыстырғанда жоғарырақ. Сондықтан да АТА-дағы АҚШ-тың капиталы 1990 жылдар мен 1994 жылдар аралығында Еуропаның 4,3% орташа салыстырғанда 6,6% жоғары. Мұндай беталыс келешекте де байқалмақ. Экономикалық көрсеткіштер Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің инвестициялық келешегінің жоғары мәнге ие болуын көрсетіп тұр. Оның себебі, аймаққа инвестиция салудағы төменгі

шығындар емес, жаңа технологиялар мен нарыққа ену мүмкіншіліктер. Алдыңғы саптағы ТҰК инвестициялық жоспарлары 90-жылдардың екінші жартысындағы ОША мен жалпы Азияның экономикасының жедел дамуына алып келетіндігіне жорамал жасады [5, 3-б].

1992 жылы Оңтүстік Қытай теңізі жағалауындағы 6 мемлекеттер (Бруней, Вьетнам, ҚХР, Малайзия, Тайвань, Филиппин) Манила декларациясына қол қойды. Ол осы мәселеге қатысы бар барлық мемлекеттерді даулы мәселелерді шешуде бейбіт құралдармен шектелуін, сонымен қатар Оңтүстік Қытай теңізі (ОҚТ) акваториясында орналасқан аралдарда қару қолданбау әрекеттерін және олардың қорларын бірлесіп пайдалануға шақырды. АФТА және тарифтік салым туралы келісімге алғашқы рет 1992 жылы Сингапурде Мемлекет және үкімет басшыларының жоғарғы деңгейдегі төртінші кездесуінде қол қойылды.

Еркін сауда зонасын құра отырып, Ассоциация мүшелері ішкі асеандық тауарлар мен қызмет көрсетулер саудасын белсендендіруді, субаймақтық тауарлар айналымын кеңейтуді және диверсификациялауды, өзара сауда шарттарында өз мемлекеттерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды мақсат етті. АФТА арқылы сонымен қатар аймақ мемлекеттерінің саяси консолидациясы, экономикалық ынтымақтастыққа Оңтүстік-Шығыс Азияның азырақ дамыған мемлекеттерінің қосылуын көздеді.

АФТА-ны іске асырудың басты құралы – 1992 жылғы Сингапур саммитінде қол қойылған Ортақ тиімді преференциалды тариф туралы келісім (СЕРТ). СЕРТ АСЕАН-ның 1977 жылғы Преференциалды сауда туралы келісімнің негізгі мәселелерін ары қарай дамытады.

Қабылданған СЕРТ сызбасына сай барлық тауарлар төрт категорияға бөлінеді:

1. тарифтері сөзсіз қысқартуға жататын тауарлар;

2. тарифтері ресми қысқартуға жататын тауарлар, бірақ оның күшіне енуі арнайы келісілген уақыт аралығына (маусым, жыл, т.б.) қалдырылады;

3. Тауарлардың бұл категорияларының АСЕАН-ның қандай да бір мемлекетіне сыртқы бәсекеге әлсіздігіне байланысты олардың либерализациясы туралы сұрақ кейінірек мерзімге (мысалы, АСЕАН-ның көпшілік мемлекеттері үшін автомобиль өндірісі әлсіз болып табылады) қалдырылады;

4. Толығымен либерализациядан алынатын тауарлар тарифтері (мысалы, ауылшаруашылық өнімдері). Бірақ 1995 жылы бұл тауарлардың

түрлі топтарына тарифтерді төмендетудің ерекше шарттары анықталды [7].

1994 жылы АСЕАН бастамасымен преентивті дипломатия шеңберінде АСЕАН-ның аймақтық форумы (ААФ) механизмі жұмыс істей бастады. Оның мақсаты диалог және кеңес беру арқылы Оңтүстік-Шығыс Азия және де Азия-Тынық мұхиты аймағында шиеленіссіз даму жағдайын қамтамасыз ету. ААФ жыл сайынғы кездесуіне аймақтан тыс елдер, соның ішінде Ресей, АҚШ, Қытай, Жапония қатысады. ААФ шеңберінде екі «жол» бар. Біріншісімен – ресми үкіметаралық деңгеймен жүретін диалог, ал екіншісімен – бейүкіметтік ұйымдар мен зайырлы топ арасындағы диалог жүреді [7, 2-б]. 1996 жылы шілдеде АСЕАН-ның Сыртқы істер министрлер конференциясында осы аймақтағы өзара түсіністікті нығайтудың негізі болатын ОҚТ-де «аймақтық жүріс-тұрыс кодексі» идеясы ұсынылған болатын. Алайда, 2004 жылдың соңына таман мұндай кодексті қабылдау жағдайы мен шарттары АСЕАН мен Қытай арасындағы көпке созылған сөз сайысының басты мәселесіне айналды.

Аймақтық серіктестер өкілдерімен (АҚШ, Канада, Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай, Ресей, Австралия, Жаңа Зеландия, Үндістан, ЕО) «10 + 1» сызбасы бойынша, яғни асеандық «ондық» және серіктестердің бірінің қосындысы, жыл сайынғы кездесудің жиілік кездесу сипатына айналды. Жыл сайынғы асеандық кездесулер келесі сызба бойынша өтеді: АСЕАН Сыртқы істер министрлерінің конференциясы, ААФ мәжілістері, сұхбаттасу үшін кездесетін министрлердің аймақтық емес серіктестерімен мәжілістері [8]. 1996 жылы Сингапур бастамасымен аймақ аралық ықпалдасудың формасы ретінде Азиялық-еуропалық сұхбат шеңберінде (АСЕМ – The Asia Europe Meeting, ASEM) кездесулер болып тұрды. АСЕАН оған көп көңіл бөледі, өйткені АСЕМ-ге біріккен 25 еуропалық және азиялық елдерге әлемдік ЖІӨ 54% және халықаралық сауданың 57% келеді екен (1995).

АСЕАН аймағында жүргізілетін тауарлардың бәсекелестік қабілетін арттыру, сондай-ақ аймаққа инвестицияларды тарту мақсатында өндірістік ынтымақтастықтың жаңа түрлерін іздестіру қабылданған болатын. АСЕАН-ның өндірістік ынтымақтастық сызбасы бойынша негізгі келісім (АИКО) АСЕАН мүше-мемлекеттерімен 1996 жылы сәуірде қол қойылған болатын.

АИКО сызбасы СЕРТ туралы келісім негізіне кірмейтін барлық өнімдердің өндірісін

реттейді, бастапқыда тек өндірістік өнеркәсіпке ғана қолданып, кейін экономиканың басқа секторларына тарады.

АСЕАН-ның өндірістік ынтымақтастығының сызбасы реттеудің тарифтік және тарифтік емес тәсілдерін қолдануды қарастырады.

АИКО мақсаттары:

- өнеркәсіп өндіріс өнімдерінің өсуі;
- интеграцияны тереңдету;
- АСЕАН мемлекеттеріне келетін инвестицияларды өсіру;
- ішкі асеандық сауданы кеңейту;
- технологиялық базаны жетілдіру;
- әлемдік нарықта өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- жеке сектор рөлін жоғарлату [8,46-6].

1997 жылдан бастап «ондық» басшыларының Қытай, Жапония және Оңтүстік Корея көшбасшыларымен кездесуі жиілік сипатқа ие болды. Олар Малайзияның Тынықмұхиттық Азия аймағында сауда-экономикалық блогын құру ұмтылысының бастамасымен ұсынылған болатын. Куала-Лумпурдың ойы бойынша оны құру ЕО және Солтүстік-американдық сауда аймағы сияқты аймақтық құрылымдармен сұхбатта Шығыс-Азия елдерінің (НАФТА) мүдделерін теңестіретін еді.

1997 жылы АСЕАН-ның Куала-Лумпурдегі ресми емес екінші кездесуінде «2020 жылы АСЕАН көруі» концепциясы қабылданды. Оның мақсаты: «2020 жылға қарай АСЕАН әлемдік қауымдастыққа интеграциялануға бағытталған, бейбітшілік, тұрақтылық және тұтастықта өмір сүретін, өз арасында ынтымақтастық қатынастармен байланысқан, бір-біріне көмектесетін Оңтүстік-Шығыс Азия үйлескен халықтар тобына айналады», – деп жарияланды [8, 49-6].

Құжат екі онжылдықтан кейін Оңтүстік-Шығыс Азия 1971 жылы Куала-Лумпур декларациясында қарастырылғандай ядролық қарусыз, бейбітшілік, еркіндік және бейтарап аймаққа айналады деп көрсетті. 1976 жылы Достық және ынтымақтастық туралы Бали декларациясы аймақ мемлекеттерінің кодексіне «бейресми конституциясына» айналу қажет, ал АРФ – сенімдік шаралары және бейбіт дипломатияны іске асырудың берік құралы болу керек. Құжатта сондай-ақ ортақ аймақтық ұқсастық, қоршаған ортаны қорғау, есірткі тасымалымен күрес, халықаралық ланкестікке қарсы тұру сияқты проблемаларға ұжымдық жауапкершілік туралы айтылды.

«2020 жылы АСЕАН көруі» концепциясын біртіндеп іске асыру барысында 1998 жылы АСЕАН саммитінде алтыжылдық уақытқа есеп-

телген «Ханойлық қимылдау жоспары» қабылданды. Жоспар:

- макроэкономикалық және қаржылық ынтымақтастықты нығайту;
- тығыз сауда-экономикалық интеграция;
- ғылыми-техникалық салада алға жылжуды қамтамасыз ету және ақпараттық технологияларды дамыту, ортақ аймақтық компьютерлік жүйе құру;
- еңбек ресурстарын дамыту;
- қоршаған ортаны қорғау, метеорология және орман өрттерін алдын алу бойынша мамандандырылған агенттіктерді құру;
- АСЕАН-ның бейбітшілікті, әділетті тәртіпті және Азия-Тынық мұхиты, сонымен қатар бүкіл әлемде модернизацияның тиімді құралы ретінде рөлін нығайту;
- АСЕАН-ның халықаралық қатынастарда беделді рөлін қамтамасыз ету;
- АСЕАН құрылымы мен механизмдерін жетілдіру қарастырылды [8].

АСЕАН-ның интеграция бағытында үлкен шешімдер қабылдауы, оның Вьетнам, Лаос, Мьянма, Камбоджа сияқты мүше мемлекеттерді өз қатарына қосуы ұйымның ұзақ мерзімді жоспарларын, халықаралық қауымдастықта тұтас блог ретінде қимылдауға ұмтылысын, болашақ зор потенциалын байқатты. Осы орайда, «2020 жылы АСЕАН көруі» және Ханой қимылдау концепцияларын қабылдауы Ассоциацияның әлемде салмағының, беделінің жоғарылауын көрсетеді.

1998 жылы қазанда АСЕАН-ның инвестициялар зонасын құру туралы Рамалық келісімге қол қойылды. АСЕАН-ның Инвестициялар аймағы (АИА) Ассоциацияның барлық мүше мемлекеттер территорияларын қамтиды және инвесторларға ұлттық режим, салықтық жеңілдіктер, экономикалық аймақтар және т.б. ұсыну арқылы ішкі және сыртқы инвесторлар тартудың негізгі құралдарының бірі болып табылады.

АСЕАН экономикалық либерализация қажеттілігін түсіне отырып, өз күштерімен инвестициялармен қамтамасыз ету мүмкін еместігін түсіне отырып, күштерін осы бағытта біріктіруді шешті, яғни ішкі нарықты тек Ассоциация мүше мемлекеттеріне ғана емес, үшінші елдерге де саудаға инвестиция үшін біртіндеп ашуға жол салынды.

Ассоциация дамуын жандандырар күшті сыртқы күштерде бар. Олардың ішінде «АСЕАН плюс үш» атауын алған жаңа құрылымды (Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея) тағы да атап

кеткен жөн. Аймақтық ынтымақтастықтағы «ойын тәртібі де» аймақтың даму тәртібі секілді өзгеруде. Болашаққа көзқарастары әртүрлі және өзіндік «мінездері» бар Қытай мен Жапония ұлы державалар болып табылады. АСЕАН ынтымақтастығына қол жеткізе отырып, олар әртүрлі мақсаттарды көздейді. Өздерінің егемендігін күйттейтін дамушы елдерді аймақта біріктірген АСЕАН секілді баяу қарқында ілгерлеуге мәжбүрлік жағдайына олар бейім болмауы да мүмкін [8,13-б]. АСЕАН үшін тағы бір басты маңызды сыртқы ықпалдылық – Қытай және оның артынан қандай үн қату жариялауы, оған қалай бағдар алу керектігі маңызды (мысалы, Қытай мен АСЕАН арасындағы еркін сауда жөніндегі келісімге қол қою).

АСЕАН интеграциялық ынтымақтастығы әлемнің бұл бөлігіндегі экономикалық ынтымақтастық орташа және шағын елдердің тобы қозғалысымен өрбіп келеді. АСЕАН көшбасшылығымен тұтас шығыс-азиаттық аймақ интеграциясы құрылысы басталды.

1. Ауган М. Эволюция международных отношений в Восточной Азии. – Алматы: «Қазақ университеті», 2010. – 290 с.

2. Малетин П.П. АСЕАН: три десятилетия внешней политики (1969-1997 гг.): учебное пособие (часть II). – М., МГИМО, 1997.

3. Ефимова Л.М. Проблемы безопасности в Азиатско-тихоокеанском регионе // Восток. Афро-азиатские общества: История и современность. 2000, № 4.

4. Aaron L. Friedberg. Ripe for Rivalry: Prospects for Peace in a Multipolar Asia, *International Security*, Vol. 18, No. 3 (Winter 1993/94). P. 5–33.

5. Воскресенский А.Д. «Большая Восточная Азия»: мировая политика и энергетическая безопасность. – М.: «Ленанд», 2006.

6. Богатуров А.Д. Великие державы на Тихом океане. История и теория международных отношений в Восточной Азии после Второй мировой войны. 1945-1995. – М.: «Сюита», 1997.

7. Богатуров А.Д. Среда против лидеров. «Пространственная структура» самоорганизации международных отношений в Восточной Азии // Богатуров А.Д., Косолапов Н.А., Хрусталева М.А. Очерки теории и политического анализа международных отношений. – М., 2002. – С. 266-282.

8. Сулицкая Т.И. Страны АСЕАН и международные отношения в Юго-Восточной Азии. – М., 1985.

* * *

В данной статье рассматриваются проблемы интеграционного развития АСЕАН. Деятельность АСЕАН за прошедшие годы можно расценивать как специфический процесс саморазвития и эволюцию ее подходов к быстро меняющейся системе международных отношений в Юго-Восточной Азии и АТР в целом. Следствием этой эволюции становится рост веса АСЕАН в международной экономической конъюнктуре и усиление ее влияния на региональную и глобальную политику.

Ф.П. Уразаева

THE ROLE OF ASEAN IN THE FOREIGN POLICY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: RESULTS AND PROSPECTS FOR COOPERATION

One of the important area of the Kazakhstan's foreign policy is cooperation with the region of Southeast Asia, where there has been a steady growth and a powerful claim to be a global player. And of course it is very important for our country to cooperate with the one of the most prominent regional organizations in the region and the world – Association of Southeast Asian Nations (ASEAN), which consists of 10 states.. ASEAN favorably with other regional associations of its rapid development and bright prospects. Association of Southeast Asian Nations (Association of Southeast Asian Nations – ASEAN) was established on 8th of August 1967 in Bangkok by five countries: Indonesia, Malaysia, Singapore, Thailand and the Philippines. In 1984, Brunei joined to the organization, in 1995 – Vietnam, in 1997 – Laos and Myanmar, in 1999 – Cambodia.

It should be noted that ASEAN has achieved impressive results over the period of its existence. First of all, it refers to the economic component of Southeast Asia. The region covers an area of 4.5 million square kilometers and a population is about 560 million people, at the present stage region is characterized by significant co-production potential, a fairly high level of competitiveness, investment attraction and export oriented. The GDP of the ASEAN states is about – 1.06 trillion dollars, foreign direct investment – 53.2 billion dollars, the foreign trade – 1.4 trillion U.S. dollars, including exports – 765 000 000 000.

Over the years, ASEAN has gained a solid legal base. The Parties shall endeavor to adhere strictly to the purposes and principles of interaction inherent in the basic document of association – the Treaty of